

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/CDZE3219>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/YGFO9689>

***Н. Ш. Манасбаева, Л. С. Сабитова**

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

ДИМИНУТИВТІ СЫН ЕСІМДЕР: МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Диминутивті семантикалық және морфологиялық категория ретінде зерттеулердің көптігіне қарамастан, жұмыстың көп бөлігі осы категорияның зат есімдердегі түрін зерттеу негізінде жүргізілді. Бұл мақалада әртүрлі құрылымдық тілдердегі диминутивті адъективтердің морфологиялық ерекшеліктері қарастырылады. Әр түрлі құрылымдық тілдерді салыстыру кезінде морфологиялық және ономазиологиялық тәсілдердің үйлесімі қолданылды, яғни контекстегі диминутивті мағына да, морфологиялық формалар да ескерілді, бұл ағылшын, қазақ және орыс тілдері сияқты тілдерді салыстыру кезінде диминутивті адъективтердің ерекшеліктерін неғұрлым толық сипаттайды. Кейбір тілдерде (мысалы, орыс тілінде) диминутивті мағынаны беру үшін сын есім жұрнақтарының бекітілген жүйесі бар. Әйтсе де, қатаң модельдері жоқ басқа тілдердің өзі де морфологиялық деңгейде диминутивтіліктің реңктерін көрсете алады. Белгілі бір сөзжасамдық процестің жеке тілде болмауы оның типологиялық ерекшеліктеріне байланысты.

Кілтті сөздер: диминутивті сын есімдер, сөзжасам, жұрнақ.

Кіріспе

Көптеген тілдерде диминутивті (кішірейтіп-еркелету) форма деп аталатын заттар, адамдар, жануарлар және басқалар туралы нәзіктікпен, сүйіспеншілікпен, мейірімділікпен айту тәсілі бар. Сөздің кішірейткіш формасы бір нәрсенің кішкентай, сүйкімді, сүйікті немесе ерекше екендігін білдіреді. Әдебиеттерде «диминутив»терминінің көптеген анықтамалары бар. Бұл тұжырымдаманы лингвистер әр түрлі түсіндіреді, алайда барлық зерттеушілер диминутивтің негізгі қызметі кішігірім затты белгілеу болып табылады деген пікірмен келіседі. Әрине бұл оның жалғыз қызметі емес. Виноградов кішірейткіш форма «кішкентай» деген ұғымды ғана емес, сонымен қатар «мейірімді» деген ұғымды да білдіретінін атап өтті

[Виноградов В. В., 1972, 96 б.]. Л. Бауэр «көбінесе диминутивтердің мөлшерді көрсетуден басқа мағыналары бар, мысалы: мақұлдау мен жанашырлықтың эмоционалды реңктері немесе керісінше жақтырмау» сияқты мағыналары да бар екенін көрсетті [L. Bauer, 2015, 156 б.].

Материалдар мен әдістер. Көптеген зерттеушілер диминутивтерді анықтады және көбінесе «бағалау морфологиясы» деп аталатын сөзжасам саласына қатысты кең көлемде анықталмаған морфологиялық категория болып қала береді [N. Grandi, 2011, 8 б.]. Бұл тәсіл испан және португал сияқты роман тілдері мен кейбір басқа үнді-еуропалық тілдерге, атап айтқанда славян тіліне, сондай-ақ голланд және неміс тілдеріне өте қолайлы. Прототиптік түрде бекітілген бұл тәсіл диминутивті категориясы жоқ тілдерді сипаттау үшін жеткіліксіз. Ағылшын немесе қазақ тілдерінде диминутивтер жоқ немесе диминутивтер маргиналды болып табылады деген тұжырым [N. Grandi, 2011, 24 б.] диминутивтер прототиптік формаға келтірілген жағдайда ғана мағынаға ие болады. Әдетте біржақты морфологиялық тәсіл әсіресе типологиялық жұмыс үшін жарамсыз, өйткені Африка немесе Азия сияқты әлемнің көптеген тілдерінде қосымшалар мүлдем жоқ [M. Haspelmath, 2007, 124 б.].

Нәтижелер және талқылау. Біздің ойымызша, әр түрлі құрылымдық тілдерді салыстыру кезінде морфологиялық және ономазиологиялық тәсілдердің үйлесуі орынды болады, яғни контекстегі және морфологиялық формалардағы диминутивті мағынаны бір уақытта ескере отырып, ағылшын, қазақ және орыс тілдері сияқты тілдерді салыстыру кезінде диминутивті сын есімдерін ерекшеліктерін толық сипаттайтын болады. Сөзжасамның ономазиологиялық тәсілінің негізін қалаушы П. Штекауэр өз жұмысында диминутивтерді қалыптастыру үшін қолданылатын төрт түрлі процесті анықтады. Сөзге жұрнақ қосудан басқа, оларға префиксация, редупликация және контаминация ұсынылды [P. Štekauer, 2012, с. vi]. К.Шнайдер бұл тізімді ықшамдаумен, инфлексиямен және аналитикалық құрылыммен толықтырды [K. Schneider, 2003, 7 б.]. Алғашқы екі процесс те морфологиялық форма болып табылады, дегенмен ықшамдау туралы «мәртебе» кейбір лингвисттер арасында әлі күнге дейін талқыланып келеді. Кейбір лингвисттер ықшамдау сөзжасам мен морфологияға жатпайды десе, ал басқалары оны екінші сөзжасамдық процесс ретінде жіктейді [Тектигул Ж. О., 2013, 75 б.]. Аналитикалық құрастырымдар міндетті түрде морфология шеңберінен шығады. Осы әдіспен қалыптасқан сөздердің кішірейтіп-еркелету формалары кейде морфологиялық немесе «синтетикалық» диминутивтерге қарама-қарсы «синтаксистік диминутивтер» немесе «аналитикалық диминутивтер» деп аталады [K. Schneider, 2003, 10 б.]. Әдетте, мұндай құрылым екі компоненттен тұрады, атап айтқанда негізгі сөз және тәуелсіз азайтқыш маркер, мысалы,

little house, little chat және little bastard сөз тіркестеріндегі «little» (кішкентай) сөзі семантика мен зат есімді анықтайды.

Диминутивті сын есімдер жасалуының әр процесін қарастыра отырып, аталған алты процестің барлығы бірдей зерттелетін тілдерде кездеспейтіндігін атап өтуге болады. Біздің зерттеу аясында қазақ, орыс және ағылшын тілдері салыстырылды. Жеке тілде белгілі бір сөзжасамдық процестің болмауы оның типологиялық ерекшеліктеріне байланысты. Мәселен, морфологиялық құрылымы бойынша агглютинативті болып табылатын қазақ тілінде префиксация жоқ. Сөзжасамның негізгі тәсілдеріне жұрнақ қосу мен редупликация жатады.

Құрылымы бойынша флективті болып табылатын орыс тілінде диминутивті категориясы тұрақты және зат есімге де (зайчонок, стульчик), сын есімге де (малюсенький, зелененький) тән. Диминутивті семантиканың негізгі белгілері келесі жұрнақтар арқылы көрінеді: -оньк; -еньк; -ова; -ева, Мысалы:

-оньк; -еньк.

В конце августа Митька Коришунов случайно встретился возле Дона с дочерью Сергея Платоновича Елизаветой. Он только что приехал из-за Дона и, примыкая к коряге баркас, увидел крашеную легонькую лодку, легко бороздившую течение. Лодка шла из-под горы, направляясь к пристани, на веслах сидел Боярышкин. (М. Шолохов, Тихий Дон, 1 том)

Осы мысалдарда біз -оньк; -еньк жұрнағының қолданылуын байқаймыз, олар диминутивті семантиканы толық көрсетеді.

-ова;ева.

По краям зеленоватый в снежных переносах крепнул лед, под ним ластилась, пузырилась не захваченная стремением вода, а подальше середины, к левому берегу, где из чернорярья били ключи, грозная и манящая чернела полынья в белых снежных заедях; по ней черными конопушками переныривали оставшиеся на зимовку дикие утки.. (М. Шолохов, Тихий Дон, 1 том)

Митька сел на снег, с усилием стянул с ноги сапог. Пошел, припадая на разутую ногу. На хрушском снегу дороги ясно печатался след вязанного крючком толстого чулка.

– Какой дорогой пойдем? – спросил низенький, чурбаковатый Алексей Бешняк.

– Над Доном, – за всех ответил Григорий. (М. Шолохов, Тихий Дон, 1 том)

Жоғарыда келтірілген мысалдарда **-ова; -ева** жұрнақтары диминутивті (кішірейгіштік) семантиканы көрсетеді, бірақ бәсендеген белгісін білдіреді [Тектигул Ж. О., 2013, 71 б.]. Мысалы, «звероватый» сөзі мағынасына қарай әлі «звериный» немесе «озверевший» емес, сонымен қатар адами деуге де

келмейді. Сондықтан әңгіме толыққанды емес диминутивті сипат туралы болып тұр.

Кішірейткіш сын есімнің жұрнақтары -оньк; -еньк; -ова; -ева бағалау морфологиясына жатады, бұл жағдайда –ова;-ева жұрнағы арқылы осы объектінің сипатын емес, белгілі бір объектінің қасиетін білдіреді. Өз кезегінде -еньк; -оньк жұрнақтары көп жағдайда нысанның объективті немесе субъективті қасиеттерін білдіреді.

Ағылшын тілінде орыс тілімен салыстырғанда диминутивті мағынаны білдіруге арналған морфологиялық құралдар аз дәрежеде ұсынылған, бірақ бұл факт басқа деңгейлермен (мысалы, лексика-синтаксистік деңгеймен) орны толады. Алайда, ағылшын тіліндегі зат есімдегі диминутивтіліктің семантикасын көрсете алатын жұрнақтар өнімділігін жоғалтқанына қарамастан жеткілікті мөлшерде кездеседі. Ондай жұрнақтарға мыналар жатады: -sie; -sies; -sy; -erel; -rel; -o; -et; -ette; -y. Сын есімдерге келетін болсақ, белсенді сөзжасамдық қызметін жоғалтқан екі жұрнақты ғана атап көрсетуге болады: - ish; - ie.

Мысалы:

ish


When he had finished, he stood for over a minute watching his master, and in his greenish eyes there was a look of contempt: After all, this master of his was an old buffer, who hadn't much left in him! (John Galsworthy, The Man of Property)

Soames was alarmed. He had really been struck by the plans, and the concealment of his satisfaction had been merely instinctive. It was difficult for him to pay a compliment. He despised people who were lavish with their praises. (John Galsworthy, The Man of Property)

It contained James and his son-in-law Dartie, a fine man, with a square chest, buttoned very tightly into a frock coat, and a sallow, fattish face adorned with dark, well-curved moustaches, and that incorrigible commencement of whisker which, eluding the strictest attempts at shaving, seems the mark of something deeply ingrained in the personality of the shaver, being especially noticeable in men who speculate. (John Galsworthy, The Man of Property)

Бұл мысалдарда -ish жұрнағын қолдану бәсеңдеген белгінің диминутивті мәнін берумен негізделген.

Құрылымы бойынша агглютинативті болып табылатын қазақ тіліндегі диминутивтіліктің құрылымдық маркерлеріне келесі жұрнақтар жатады: -ғыл/ -ғылт/-қыл/-қылт/ -ғылтым/-қылтым. Бұл жұрнақтар күрделі болып саналады, өйткені олар келесі модель бойынша жасалған:



Күрделі жұрнақ моделі

Ол келесі компоненттерден тұрады: негізгі түбір + атаулы жұрнақ + сын есімнің жұрнағы, кейбір жағдайларда модельге тәуелдік жалғауы -ым\ім қосылады. Ғ. Мұсабаевтың жіктеуі бойынша бұл жұрнақтар сын есімнің кішірейту шырайларының (шағын шырай) жұрнақтарына жатады [Мұсабаев Ғ., 2008, 44 б.]. Мысалы, қазақ тілінде «шағын шырай» категориясы келесі жұрнақтар арқылы беріледі: *-ғыш/-ғылт/-шыл/-шіл/-ілдір/-ша/-ше*: қызғылт, сарғылт, көгілдір, қышқылытым.

Мысалы, біз көркем мәтіннен оқимыз:

Тау басында жел тұрды білем. Тоғайсыз ашық жондар да сырғақ көрінеді. Жаяу борасындап, ұйтқи түсіп қызғылт құйын ұшқындайды. Қала ішінде желсіз шыңылтыр аяз білінеді. Жайсыз суық емес. (М. Ауезов «Абай жолы»)

Қарабас пен Абай үйге кіргенде Сүйіндік пен бәйбішесі биік төсекке жатып қалған екен. Сарғыш шегірен шымылдық үлкендердің жататын орнын қоршап тұр. Кең үйдің төріне екі қонаққа арналып төсек салынып жатыр. Одан басқа өзге жататын жай сезілмейді. Тоғжанның өз үйі басқа зой. (М. Ауезов «Абай жолы»)

Осы көштердің алдына Сүйіндік, Күгір, Жексен және басқа да кәрі, жастан жыырма шақты кісі оқшауырақ келеді. Бұл жиында әзіл-күлкі де, әңгіме де жоқ. Өңшең тон, шекпен киген сұрғылт топтың пішіні де, қазіргі күздің сұрғылт, жабырқау аспаны сияқты күңгірт, салбыраңқы. (М. Ауезов «Абай жолы»)

Жоғарыда көрсетілген мысалдарда *-ғыш*; *-ғылт және -шіл* жұрнақтары сын есімнің семантикасын кішірейткіш мағынасына қарай өзгертеді.

Қорытынды. Диминутивті семантикалық және морфологиялық категория ретінде зерттеулердің көптігіне қарамастан, жұмыстың көп бөлігі осы категорияның зат есімдердегі түрін зерттеу негізінде жүргізілді. Кішірейтіп-еркелету мағынасын білдіруге қабілетті басқа сөз таптарына келетін болсақ (біздің жағдайда сын есімдерге) қосымша терең зерттеулерді қажет етеді, яғни әр түрлі морфологиялық құрылымы бар тілдерде диминутивті мағынаны білдірудің нақты құралдарын анықтау қажет.

Өздеріңізге белгілі, кейбір тілдерде (мысалы, орыс тілінде) диминутивті мағынаны беру үшін сын есім жұрнақтарының бекітілген жүйесі бар. Әйтсе де, қатаң модельдері жоқ басқа тілдердің өзі де морфологиялық деңгейде диминутивтіліктің реңктерін көрсете алады. Диминутивті семантиканы беретін жұрнақтар (мысалы, қазақ тілінде) тарихи тұрғыдан жалпытүркілік жұрнақтарға жатқызылды, бұл олардың көпфункционалдылығын түсіндіреді. Олар зат есім үшін де, сын есім үшін де сөзжасамдық жұрнақтар ретінде қызмет ете алады. Осы сөзжасамдық жұрнақтардың қызмет ету барысында

қосымша мағына ретінде олар айкындығы жағынан кем түспейтін жаңа кішірейткіш қасиетке ие болды. Ағылшын тілінде диминутивтілікті көрсететін жұрнақтар да өзінің көпфункционалдылығымен ерекшеленеді: егер зат есімнің түбірімен тіркескенде диминутивті семантика алынбаса, онда сын есімнің негізі болған жағдайда бұл функция жиі өзекті болады.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Виноградов, В. В.** Орыс тілі. – М. : Жоғары мектеп, 1972. – 614 б.
- 2 **Лори Бауэр, Либер, Рошель, PLAG, Ingo.** In press. Оксфордский справочник по английской морфологии. – Oxford : Oxford University Press, in press. – С. 156.
- 3 **Гранди, Никола,** 2011. Обновление и новаторство в возникновении индоевропейской оценочной морфологии. В Körtvélyessy, L., Stekauer, P. (ред.) : Диминутивы и аугментативы в языках мира. Лексика : журнал по английской лексикологии, 2011. Т. 6. – С. 5–25.
- 4 **Хаспельмат, Мартин.** 2007. Предустановленных Категорий не существует : Последствия описания языка и типологии. Лингвистическая типология, 2007. Т. 11. – С. 119–132.
- 5 **Štekauer, P., Valera, S., & Körtvélyessy, L.** Содержание. Словообразования в языках мира : Типологический обзор (стр. v-vii). Кембридж: Издательство Кембриджского университета, 2012.
- 6 **Schneider, Klaus P.** Уменьшительные в английском языке. Niemeyer, 2003. – С. 7–10, 2003
- 7 **Тектигул, Ж. О.** Эволюция общетюркских аффиксов в казахском языке Академия Естествознания. – 2013 – С. 71–76.
- 8 **Мусабаев, Ф.** Проблемы казахского языкознания. Алматы: Арыс, 2008. – С. 42–49.

References

- 1 **Vinogradov, V. V.** Orys tili. [Ory's tili]. – M. : Zhogary mektep, 1972. – 614 p.
- 2 **Laurie Bauer, Lieber, Rochelle, PLAG, Ingo.** In press. The Oxford guide to English morphology. [Lori Baue`r, Liber, Roshel`, PLAG, Ingo. In press. Oksfordskij spravocnik po anglijskoj morfologii.] Oxford: Oxford University Press, in press. – P. 156.
- 3 **Grandi, Nicola.** Renewal and Innovation in the Emergence of Indo-European Evaluative Morphology. [Obnovlenie i novatorstvo v vzniknovenii indoevropejskoj ocenocnoj morfologii.] In Körtvélyessy, L., Stekauer, P. (eds.) :

Diminutives and Augmentatives in the Languages of the World. Lexis: e-journal in English lexicology, 2011. – Vol. 6. – P. 5-25.

4 **Haspelmath, Martin.** 2007. Pre-established Categories Don't Exist: Consequences for Language Description and Typology. [Predustanovlennyy`x Kategorij ne sushhestvuet: Posledstviya opisaniya yazy`ka i tipologii] Linguistic Typology, 2007, vol. 11, pp. 119-132

5 **Štekauer, P., Valera, S., & Kórtvélyessy, L.** (2012). Soderzhaniye. Slovoobrazovaniy v yazykakh mira: Tipologicheskiy obzor (str. v-vii). Kembridzh: Izdatel'stvo Kembridzhskogo universiteta. [Contents. In Word-Formation in the World's Languages: A Typological Survey (pp. v-vii). Cambridge: Cambridge University Press.]

6 **Schneider, Klaus P.** 2003 Umen'shitel'nyye v angliyskom yazyke: [Schneider, Klaus P. 2003. Diminutives in English] Niemeyer, 2003.: 7-10

7 **Tektigul ZH. O.** Evolyutsiya obshchetyurkskikh affiksov v kazakhskom yazyke [Evolution of common Turkic affixes in the Kazakh language] Akademiya Yestestvoznaniya: 2013– s. 71-76

8 **Musabayev Ğ.** Problemy kazakhskogo yazykoznaniya. [Problems of Kazakh linguistics] Almaty: Arys, 2008. – s. 42-49

Материал баспаға 21.05.21 түсті.

Н. Ш. Манасбаева, Л. С. Сабитова

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Нур-Султан

Материал поступил в редакцию 21.05.21.

ДИМИНУТИВНЫЕ АДЪЕКТИВЫ: МОРФОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ

Несмотря на большое количество исследований диминутива как семантической и морфологической категории, большинство работ было выполнено на основе изучения категории уимен существительных. В данной статье рассматриваются морфологические особенности диминутивных адъективов в разноструктурных языках. При сравнение разноструктурных языков применялось сочетание морфологического и ономаσιологического подходов т.е. учитывать одновременно и диминутивное значение в контексте и морфологические формы, что наиболее полно описывать особенности диминутивных адъективов при сравнении таких языков, как английский, казахский и русский языки. Некоторые языки (например, русский) имеют

закрепленную систему суффиксов прилагательных для передачи диминутивного значения. В то время, как другие языки, не имеющие строгих моделей, все же способны на морфологическом уровне отражать оттенки диминутивности. Отсутствие того или иного словообразовательного процесса в отдельном языке, обусловлено его типологическими особенностями.

Ключевые слова: диминутивные адъективы, словообразование, суффиксация.

N. Sh. Manasbayeva, L. S. Sabitova
L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan
Material received on 21.05.21.

DIMINUTIVE ADJECTIVES: MORPHOLOGICAL PECULIARITIES

Despite many studies of the diminutive as a semantic and morphological category, most of the works were carried out on the basis of the study of the category in nouns. This article discusses the morphological features of diminutive adjectives in different-structured languages. When comparing different structured languages, we used a combination of morphological and onomasiological approaches, taking into account both the diminutive meaning in the context and the morphological forms, which most fully describe the diminutive adjectives' features when comparing languages such as English, Kazakh and Russian. Some languages (for example, Russian) have a fixed suffixes system to convey diminutive adjectives meaning. Simultaneously, other languages that do not have strict models can still reflect shades of a diminutive at the morphological level. The absence of a particular word-forming process in one specific language is due to its typological features.

Keywords: diminutive adjectives, word formation, suffixation.

Теруге 21.05.2021 ж. жіберілді. Басуға 01.06.2021 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

1,8 Mb RAM

Шартты баспа табағы 16,1. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3779

Сдано в набор 21.05.2021 г. Подписано в печать 01.06.2021 г.

Электронное издание

1,8 Mb RAM

Усл. печ. л. 16,1. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3779

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz